



SOROS.KZ



# OPEN BUDGET FELLOWSHIP 2019

## ЗЕРТТЕУ ТАҚЫРЫБЫ:

«Атырау өңірінде масамен күреске бөлінетін қаржының тиімділігі»

**Ә.ДОСҚАЛИЕВА** | Қазақстан, Атырау облысы, Атырау қаласы 2019 ж.

Бұл мақала Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен "Zertteu Research Institute" ҚҚ жүзеге асырған Open Budget Fellowship жобасының аясында жарияланды. Жарияланым мазмұны авторлардың жеке көзқарасын білдіреді, сәйкесінше Сорос-Қазақстан қорының көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.

# МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе .....	2
2. Облыстағы қазіргі жағдайды талдау .....	3
2.1. Облыстың географиялық орналасуы.....	3
2.2. Өңірдегі масамен күреске бөлінетін қаржы туралы .....	5
3. Басқа өңірлердегі жағдайды салыстырмалы талдау (Нұр-Сұлтан қаласы, Павлодар облысы) .....	7
4. Сұраныстар мен сауалнамалар нәтижелері .....	9
5. Қорытынды, ұсыныстар .....	11
6. Қосымша .....	13
7. Пайдаланылған әдебиеттер .....	29

# 1. КІРІСПЕ

Атырауды масалар қаласы деп атауға болады. Оған себеп: жыл сайынғы қансорғыштармен күрес. Қансорғыштардың кесірінен жұрт кешкілік көшеге шығудан қалған. Дененің ашық жерлеріне арнайы крем жағып, қолға масаны үркітетін бір-бір орамал ұстап шығу – қазір қала тұрғындары үшін үйреншікті нәрсеге айналды. Улау жұмыстары да дер кезінде жүргізілгенімен, жәндіктің одан азаяр түрі жоқ. Атырау қаласын Жайық өзені бөліп жатыр. Атырау облысының географиясы мен климаты маса санының өсуі үшін қолайлы әрі жайлы. Жазы ыстық әрі жаңбырлы. Жаңбыр жауған соң, қаланың ішіндегі көшелер судан тазартылады да, кішкене көлшіктер тазартылмай қала береді, оларды өздігінен тартылып қалады деген болжаммен тастап кетеді. Бірақ, сол кішкене көлшіктің ішіне маса өзінің ұрықтарын салып, жаздыгүні ол ұрықтар 8-ден 28 есеге дейін көлемде өсіп шығады. Яғни, осы көлшіктер - масалардың көбеюі үшін ең қолайлы орын десек қателеспейміз.

Ал осы масаға қарсы күрес жұмыстарын жүргізу үшін соңғы үш жыл ішінде Атырау облысында бюджеттен 130 000 000 теңге бөлініп келген.

Аталған проблема – Атырау облысының қазіргі таңдағы шешуін таппай отырған, өзекті мәселелерінің бірі: яғни масалардың көбеюі. Олармен күресудің бір жолы бар. Бұл – маса улау процесі. Күндіз аптап ыстықтан бас сауғалап, тұрғын үйлердің жертөлелерін, шөптің арасы мен шалшық суларды паналайтын қансорғыштарға қарсы күрес осылай жүргізіледі. Бірақ, бұдан олардың саны азаяр емес. Осы зерттеу жұмысы арқылы облыстағы ушығып тұрған мәселе - масамен күрес жағдайымен тереңінен танысып, қазіргі жағдайға сараптама жасап, мәселенің себебін анықтап, оны шешу жолдары бойынша ұсыныстар жасақтау жоспарланған.

**Зерттеу жұмысының мақсаты** – Атырау облысындағы масалар санын азайту. Оларды улайтын аппараттардың санын көбейту және сапасын арттыру. Аталған проблеманы шешу жолдары бойынша ұсыныстар әзірлеу.

**Зерттеу жұмысының нысаны** – Атырау облысының Атырау қаласы.

**Зерттеу жұмысының адресаты** – Атырау облысы Энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасы.

**Зерттеу жұмысының міндеттері** – қазіргі жағдайға сараптама жасап, мәселенің себебін анықтап, оны шешу жолдарына қатысты ұсыныстар жасақтау.

**Зерттеу жұмысының әдістемесі** – зерттеу жұмысында өңірдегі ахуалды зерделеу мақсатында Атырау қаласының жергілікті органдарына ресми сұраныс жіберу, басқа өңірлермен салыстыра зерттеу мақсатында Павлодар, Нұр-Сұлтан қалаларының жергілікті органдарына ресми сұраныс жіберу, аймақтың жергілікті органдары мамандарынан, биолог-энтомолог маманымен сұхбат, сауалнама жүргізу әдістері қолданылды.

## 2. ОБЛЫСТАҒЫ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙҒА ТАЛДАУ

### 2.1. ОБЛЫСТЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНАЛАСУЫ

Атырау облысы Орал өзені өтетін Азия мен Еуропа континенттерін бөліп жатқан, батыстағы шекара территориясында орналасқан. Атырау атауы «шексіз жер» деген мағынаны білдіреді. Аймақ шынымен Каспий теңізіне құятын Орал өзені сағасының төменгі ағысы бойымен жазылып жатқан шексіз жазықтық. Бұл облыс оңтүстіктен солтүстікке 350 шақырым, шығыстан батысқа 600 шақырым созылып жатыр және жалпы көлемі 118,6 мың шақырым квадрат. Географиялық тұрғыдан облыстың солтүстік – батыс жағы Еуропада, ал бүкіл шығыс жағы Азияда, негізінен шөлейттік аймақта орналасқан. Жерінің орналасуына қарай батысында Ресейдің Астрахань облысымен шектеседі. Атырау облысы геологиялық тұрғыдан алғанда көне Шығыс Еуропа платформасына ендеп кірген Каспий маңы ойпатының оңтүстік жағалауын алып жатыр. Орталық бөлігінен Орал өзені (2,428 шақырым), шығыс жағынан Жем (712 шақырым), Сағыз (712 шақырым), Ойыл (800 шақырым), Индер (110,5 шақырым) өзендері ағады. Бұдан бөлек жер беті сулары Еділ өзенінің сол жақ тармақтарынан, Жайық, Ойыл, Жем, Сағыз өзендерінің төменгі ағыстарынан және үлкенді-кішілі көлдерден тұрады. Өзендер жинайтын суының тек 10-20% ғана өз облыс аумағынан, ал қалған суын басқа аймақтан әкеледі. Жайық өзені кеме арқылы әр түрлі жүк және жолаушы тасымалдауға пайдаланылады, балық ауланады. Ал қалған өзендері егістікке, шабындықты суландыруға және мал суару үшін ғана пайдаланылады. Ірі өзендері: Жайық, Жем, Ойыл, Қайнар. Сол сияқты Бақсай, Бүгілөзек, Бағырлысай, Ақсай өзендерінің жергілікті маңызы бар. Облыс аумағында Еділ өзеніндегі салалардың тармақтары – Ахтуба, Бозан, Қиғаш т.б. өзендер бар.

Атырау облысында екі мыңнан астам көл бар. Олардың жалпы көлемі 800 шаршы шақырым шамасында. Облыс көлдері тұйық, ағынсыз болып келеді. Облыста Дүние жүзіндегі ірі көл – Каспий теңізі бар. Индер көлінің құрамында бром калийі бар жоғары сапалы тұз өндіріледі. Жалтыр көліне Бағырлысай, Бүгілөзек секілді шағын өзендер құяды. Бұдан басқа екі мыңнан астам шағын көл бар. Олар: Қамыскөл, Мешер, Дәулет, Толай-сор. Олардың 65-70% жаз кезінде құрғап қалатын уақытша көлдер. Облыс аумағында жер асты су қорларының алты су кен орны ашылған. Оның төртеуінің суы пайдаланылады. Олардың ең үлкені және қоры молы Тайсойған, Бүйрек және Қоянды құмдарында орналасқан. Қабатының тереңдігі 50-120 м., қалыңдығы 30-70 м.

Атырау облысында континенттігі тым басым климат қалыптасқан. Облыс табиғи ылғалдылығы жеткіліксіз, аңызақ желді, шаңды дауылды, жазы ыстық, қуаң, қысы қарсыз (не жұқа қарлы) болып келеді. Климаты қатты континенталды, жазда құрғақ, ыстық, ал қыста ылғал қармен сипатталатын салқындық сезіледі. Атырау қаласының табиғаты жазы ұзақ, қысы қысқа күндермен сипатталады. Ең ыстық айы – шілде, ауасының орташа температурасы 24-25 С, жалпы ыстық ауа 35-40 С, кейде одан да жоғары болады. Атырау қаласында ауаның абсолюттік максимумы - 45 С. Жыл бойына жылы, 10 С жоғары ауаның орташа тәуліктік температуралар қосындысы 3600-3800 С. Жауын-шашынның жылдық мөлшері - 220-230 мм, қуаңшылық жылдары жауын-шашын мөлшері 80 мм-ден аспай қалады. Ал ылғалдың жер, су бетінен ауаға булану мөлшері 1000 мм, кейде одан да астам болады. Жылдың жылы маусымдарында негізінен батыс бағытында соғатын желдің үлесі басым.

Ең төменгі температура -38С, ең жоғары температура +45С.

Каспий теңізіне құйып, облыс орталығынан өтіп жатқан Орал өзенінің арқасында ол жердегі температура судан алыс жердегі аудандардың температурасымен салыстырғанда төмен болып келеді.

Жауын-шашын болар-болмас деңгейде, жылына орташа 150-200 мм шамасында болады. Жел бағыты қаңтар айында оңтүстік-шығыс бағытта болса, ал маусым айында батыс бағытта болады.

Атырауда ұсақ жәндіктер (маса, бүрге және т.б.) көп мекендейді. Соның ішінде көп кездесетіні – маса. Бұл жәндіктің аптап ыстық және батпақ суларды мекендейтінін ескерсек, Атырау облысының климатына сәйкес келеді. Мамандардың айтуынша, қаланың айналасында өзен, көлдер көп болғандықтан масаның мекендеуі заң-ды. Сондай-ақ, су қоймаларынан бөлек, масалардың дымқыл жерлерде де көп болатыны анықталған.

**Атырауда негізінен масаның үш түрі мекендейді екен. Олар: «Aedes Caspins», «Culex pipiens», «Culex modestus».**

Күн жылына басталысымен Атырау тұрғындарын маса мазалайды. Масалар аптап ыстықтан тұрғын үйлердің жертелелерін, шөптің арасы мен шалшық суларды мекендейді.

Зерттеу жұмысының басында өңірдегі білікті биолог, энтомолог мамандармен сұхбат жүргіздім. Мамандардың пікіріне сүйенсек, Атыраудағы масаны түбегейлі құрту мүмкін емес. Неге? Өйткені, картаға үңілетін болсақ, Атырау Каспий теңізінен төмен жатқандығын көруге болады, жоғарыда айтылғандай Атырау батпақты, ылғалды аймақ, ал ондай жерде маса көптеп кездеседі. Бұдан бөлек, Құрманғазы селосында Ақ жайық Резерваты деген қамысты аймақ бар және Каспийден жел соққан кезде аталған резерваттағы масалар қалаға қарай ұшады.

Оған қоса, соңғы үш жылда жыл сайын резерватта бірнеше рет өрт болған, сол уақытта Атырау қаласында масаның көбейіп кеткендігі байқалған.

Қорыта келгенде, жоғарыда берілген облыстың географиялық орналасуының сипаттамасы мен өңірдің білікті биолог, энтомолог мамандарының пікірлерін негізге алсақ, Атырау облысында маса мәселесі болған, бар және бола береді, оған себеп облыстың орналасу ерекшелігі. Біз масаны мүлдем құртып жібере алмаймыз, біздің мақсатымыз масалардың санын азайту және олармен күресудегі тиімді, ұтымды жолдарды анықтау және сол жолдарды жүзеге асыру үшін тәжірибеге енгізу.



Атырау облысының картасы

## 2.2. ӨҢІРДЕГІ МАСАМЕН КҮРЕСКЕ БӨЛІНЕТІН ҚАРЖЫ ТУРАЛЫ

Масамен күрес жұмыстарына жауапты Атырау қалалық ТҮКШ бөлімінің айтуынша, соңғы 3 жылда жергілікті әкімдік дәрілеуге бюджеттен 390 млн. теңге бөлген.

Биыл «AG Disinfection Services» ЖШС компаниясы масамен күрес жұмыстары үшін мемлекеттік сатып алу конкурсынан 130 млн теңге ұтып алған. Бұл қаражат 40 200 гектарды құрайтын аумаққа дезинфекция жұмыстарын жүргізу үшін бөлінген. Тендерді Атырау қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар тасымалы және автокөлік жолдары бөлімі жариялаған.

Аймақтың **биолог-энтмолог маманы Дәулетиярова Айнагүл Сайынқызының мәліметінше** қазіргі таңда серіктестікте 43 дезинфектор еңбек етеді. Сондай-ақ, мұнда жел генераторы бар бес автокөлік жұмыс істейді екен. Айнагүл Сайынқызынан: масамен күресу бағытында улау:

- қаланың қанша га аумағында жүргізілгенін;
- қаланың қандай аймақтарында жүргізілгенін;
- улауды жүргізу жиілігі қанша екенін сұраған едік.

Ол келісім-шарт бойынша:

- улау жұмыстары қаланың 40 200 гектар аумағына жүргізілді;
- қалаға толық және қалаға қарасты алты селолық округ бар. Соңғы уақытта қалаға қосылған Геолог, Жұмыскер, Балықшы секілді елді мекендер де уланып жатыр. Біз облыс орталығын толықтай улап, толықтай қамтып отырмыз. Қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар тасымалы және автокөлік жолдары бөлімі ұсынған нормативтік актілерге сәйкес жұмыс істейміз;
- таңертең екі бригада, кешке үш бригада жұмыс істейді, - деп жауап берді.

Айнагүл Сайынқызының айтуынша, улау жұмыстары ыстық түспес бұрын, 14-15 наурызда басталуы тиіс. Ал, улау жұмыстарының басталуы тендердің ойнатылып, қаражат бөлінуіне байланысты екен. Бұл туралы: «Жалпы, келісім-шарт сегіз айға жоспарланған. Биыл аталмыш серіктестік сәуірдің отызы күні тендерді ұтып алып, жұмыстар 1 мамырдан басталып кетті. Улау жұмыстары жүргізілгеннен кейін сегіз-он күнде нәтиже береді. Оның үстіне, биыл ыстық ерте түсті. Мамыр айында 27 градус ыстықты көрсетті. Ол масаның көбею жылдамдығын арттырады. Ал, салқын күн оның өмір сүру ұзақтығын арттырады», - деп атап өтті.

Биолог-энтмолог маман масамен күресу бағытында пайдаланылатын дезинфекция құралдарының мөлшері және қайдан әкелінетіні туралы айтып берді. Оның мәліметінше, масаны улау препараты бірнеше қоспаның қосындыларынан құралады. Мәселен, бір тоннаға бірінен төрт литр, тағы бір түрінен бір литр қосылады екен. Ал, қаншалықты мөлшерде құйылатыны коммерциялық құпия болып есептелетінін айтты.

Сондай-ақ, Айнагүл Даулетиярова: «Мамыр айынан бері төрт дәрі ауыстырылды. Өйткені, жылдан-жылға масаның дәріге уланған ортаға бейімделгіштігі өте жоғары болып келе жатыр. Мысалы, бірінші «Алмафос» пайдаланылды, одан кейін «Синузан» деген дәрілер жақсы нәтиже берген болатын. Кейін бірте-бірте олардың да әсері азая бастады. Сосын «Агран», «Циперметрин» қолданылды. Тіпті, «Сольфак» да пайдаланылды. Қазіргі таңда Ресей Федерациясының Мәскеу қаласындағы Қызыл Алаң мен Кремльді улап жатқан «Медилис ципер» деген дәрі қолданыла бастады. Жалпы, дезинфекция құралдары әр жақтан алынады. Мысалы, «Сольфак» дәрісі «Вауег» компаниясының өнімі, «Циперметринді» өндіруші ел – Үндістан, ал, «Медилис ципер» - ресейлік компания тауары» деген мәлімет берді.

Биолог-энтмолог маман масамен күрес кезінде кездесетін қиындықтар туралы атап өтті. Оның айтуынша, адамдар көптеп шоғырланатын кешкі немесе күндізгі уақытта дәріні шаша алмау, қалаға қарасты көпқабатты үйлердің жертөлелерінде кәріз суларының шамадан тыс көптігі кедергі келтіреді екен. Бұл туралы ол: «Себебі, қазіргідей демікпе, аллергия секілді тыныс алу жолдары ауруы өршіп тұрған кезде улай алмайды. Сондықтан, көп жағдайда түнгі сағат 22.30 немесе 23.00-ден кейін, халық қозғалысы саябырсығаннан кейін басталады. Екінші мәселе бойынша, шалшық, лас суға маса көбейе береді. Оны қанша азайтқанмен, бәрібір масалар шоғырланып, дәрінің күшін азайтады. Сондықтан, жертөлесі құрғақ көпқабатты үйлерде нәтиже болады» - деп жауап берді.

Маса – адам саулығына аса зиянды жәндік. Адамзат тарихында оның шағуынан 45 миллиардқа жуық адам мерт болған. Ойлап қарасаңыз, аса ауыр апат емес пе? Қазірдің өзінде аталған жәндіктің шағуынан әлемде әр он екі секундта бір адам көз жұмады. Өйткені, ол безгек, сары ауру, энцефалит, филириатоз тәрізді қауіпті дерттердің пайда болуына соқтырады. Сонда оған тосқауыл қоятын қандай күш бар? Мысалы, масамен күресіп, нәтижеге жеткен қалалар аз емес. Атап өтсек, Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе қалаларының кеші қандай тамаша. Ендеше, неге атыраулықтар ғана өмір бойы масадан зардап шегуі тиіс? Біздің олардан қандай кемдігіміз бар. Жоғарыда, биолог-энтмолог маманның масамен күресу бағытында пайдаланылатын дезинфекция құралдарының мөлшері және қайдан әкелінетіні туралы сұхбат алынған еді. Сол алған ақпаратымызды, технологияларымызды пайдалана отырып, өзіміздің өңірлік препаратымызды ойлап тапсақ жөн болар еді.



### 3. БАСҚА ӨҢІРЛЕРДЕГІ ЖАҒДАЙДЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ (НҰР-СҰЛТАН қаласы, ПАВЛОДАР облысы)

Павлодар облысында Ертіс өзені, Нұр-Сұлтан қаласында Есіл өзенін есепке алатын болсақ және бұл қалаларда да масамен күрес проблемаларының өзектілігі жоғары екенін ескере отырып, зерттеу жұмысымды жүргізу барысында «Павлодар облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесіне және Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік кірістер басқармасына сұраныс жолдадым.

Өкінішке орай, Нұр-Сұлтан қаласына жолданған сұранысыма жауап алмадым.

Бірақ, Павлодар облысы Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы сұранысыма жауап берді. Сұраныс жіберместен бұрын, мемлекеттік сатып алу порталында goszakur.gov.kz сайтына талдау жүргізгенмін.



Дереккөз: <https://goszakur.gov.kz/>

Ол жерден байқағаным, республикада масамен күрес жұмыстарына ең көп қаржы бөлінетін аймақ - Павлодар облысы. Атырау облысы және соңғы жылдары Нұр-Сұлтан қаласы да осы қатарға қосылыпты. Павлодарлықтардың масамен күрес жұмыстарына қатысты атқарып жатқан жұмыстары көңілден шығарлықтай. Өйткені, Атырау, Нұр-Сұлтан қалаларымен салыстырмалы түрде алғанда Павлодар облысында масамен күрес жұмыстары үшін жұмсалатын қаражат бір бөлек, масаны улауға қажетті инсектицидті аппараттарға қаржы бір бөлек және масалы аймақтарды зерттеуге арналған білікті мамандардың жұмысына қаржы бір бөлек қаралады екен. Осы мысалдың өзінен-ақ Павлодар облысында масамен күресу мәселесі бюджет қаржысын жоспарлау кезеңінің өзінде жүйелі түрде шешілетінін байқауға болады.

Өкінішке орай, Атырау облысында жағдай мүлдем басқаша болып тұр. Мұнда бір 130 млн теңге көлеміндегі қаржыға уы да, еңбек күші де, зерттеу жұмыстары да кіргізілген. Павлодар облысындағы мәселе бойынша «Сіздер не себептен әр қызметті бөлек қаржы бөліп қарастырғансыңдар?» деп сұраған кезде, «Себебі, басқармада отырған мамандар масаны зерттейтін мамандар емес. Әр адам өз ісімен айналысуы тиіс» деген себептерді алға тартты. Шынымен де солай. Ал Атырауда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметіне жүгінген кезде, олардың есігінің үстінде ілініп тұрған кезекшілік тізімді көрдім. Бұл тізімге сәйкес **Күн сайын тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметінің әр маманы масаны улау жұмыстарына жауапты мердігермен бірге улау алаңына шығады, күн сайын.** (Павлодарлықтар олай істемейді. Олар масаға қатысты жауапкершілікті осы саланың білікті мамандарына жүктеген).


«Масамен күрес» жұмыстарының техникалық ерекшеліктерінде де мына нәрсеге мән бердім. Біріншіден, павлодарлықтар нақты қандай жерге улау жұмыстарын жүргізу керектігін жазған, нақты көрсеткен, ал атыраулықтардың техникалық ерекшеліктерінде Атырау қаласының бір селолық округінің атауы ғана тұр. Екіншіден, павлодарлықтар жұмыстың орындалу нәтижесі 80 пайыздан төмен болса, мердігер өз есебінен жұмысын жалғастырады деген тармақты енгізген, ал атыраулықтардың келісім-шартында мұндай тармақ жоқ. Үшіншіден, павлодарлықтар заманауи техникалардың болуы (авиа) керектігін алға тартқан, ал атыраулықтар өкінішке орай мұндай талап қоймаған. Мысалы, улау жұмыстарына әуе машиналары пайдаланылса, сәйкесінше бұл – масаның азаюына ықпалы мол болар еді.

## 4. СҰРАНЫСТАР МЕН САУАЛНАМАЛАР НӘТИЖЕЛЕРІ

Өңірде жыл сайын масамен күрес жұмыстарына 130 млн теңге қаражат бөлінуде, бірақ масаның азаятын түрі жоқ. Неге? Не себептен қала тұрғындары масаның көптігіне тұрақты түрде шағымданды? Осы сұраққа жауап іздеп, мен Атырау облысы әкімдігінің телеграмм чат каналына қосылдым. Бұл чат каналда Атырау облысы әкімінен бастап, барлық басқарма басшылары тұрғындар сұрағына жауап береді. Чат каналда 12 мыңға жуық адам тіркелген және күніне 300-500 сұрақ қойылады, әр қойылған сұрақ тиісті басқармаларға жіберіліп, 3 күннің ішінде жауап беріледі.

Телеграмм каналы арқылы масаның көптігіне шағымданған 115 тұрғынның шағымы бойынша жұмыстандым. Әр тұрғынның аты-жөнін, мекен-жайын жазып алып, Google Maps арқылы картаға түсірдім.

Нәтижесінде, шағымдардың басым бөлігі Жайық өзеніне жақын орналасқан селолық округ тұрғындарынан, қаладағы «Тухлая балка», «Черная речка» және «Ерик мостовой» сияқты жасанды каналдардың айналасында тұратын қала тұрғындарынан екені анықталды. Атырау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі берген жауапқа оралатын болсақ, Жайық маңына, су каналдарына жылына екі рет қана улау жұмыстарын жүргізеді екен. Төменде Атырау қаласы тұрғындарының Телеграм каналындағы аталған мәселеге қатысты шағымдары *(скрин көшірме)* көрсетілген:



Жоғарыдағы 2-3 шағымның өзі қала халқының жанайқайын білдіреді деуге болады. Уақыттың түнгі мерзіміне қарамастан шағымдарға толас жоқ. Осыдан көретініміз Атырауда маса мәселесі күн тәртібінде әлі де өзекті.



*Тұрғындар шағымының негізінде жасалған карта*

## 5. ҚОРЫТЫНДЫ, ҰСЫНЫСТАР

«Масамен күрес» - Атырау қаласындағы ең көп талқыланатын мәселелердің бірі. Жалпы, осы қансорғыштар қайдан пайда болады? Алдымен, мамандардың айтуынша, сол масалардың өсіп-өнетін ошағын залалсыздандыру қажет. Мәселен, Каспий теңізімен шектесіп жатқан Еркінқала елді мекені жақтан жел соқса, маса қалаға қарай құйылады екен. Демек, көшелерді қаншалықты улағанмен масаның о бастағы ошағын жоймай, нақты нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Яғни, алдымен облыс орталығының өзін емес, оның төңірегіндегі елді мекендерді қамту қажет. Турасын айтқанда, қала сыртындағы ауылдарды алдымен назарда ұстаған абзал. Одан әрі, дезинфекция мамандары қаланы улағанда, ең бірінші, адамдардың денсаулығына да алаңдайды. Өйткені, масаға қарсы қолданылатын қою түтін кісінің қолқасын қауып, тыныс алу жолдарына зиянын тигізеді. Оның үстіне, масаға шашылған удан көбелек, ара, инелік тәрізді жәндіктер де зардап шегуі мүмкін. Масамен күрес жұмыстарына бөлінетін қаржыны есептеу барысында аталмыш салаға қатысты ихтиолог, биолог, энтомолог, микробиологтармен бірлескен жұмыстар жүргізу керек деп ойлаймын.

### ҰСЫНЫСТАР:

1. Атырау қаласында масамен күрес жұмыстарына бөлінетін қаржы көлемін арттыру;
2. Масалардың шығу маусымы – наурыз айы. Дайындық жұмыстары маусым басынан кешіктіріліп басталуына байланысты масамен күрестің тиімсіздігін болдырмау мақсатында бұл жұмыстарды жүргізуге бағытталған мемлекеттік сатып алу конкурсы goszakur.gov порталына жыл басында салынуын қамтамасыз ету және жеңімпаздың тез арада анықталуына жағдай жасау;
3. «Ихтимолог», «энтомолог», «бактериолог» мамандықтарына тегін гранттар бөлу;
4. Ұзақ мерзімді жобаны ұйымдастыру сапалы нәтиже беретіндігін ескере отырып, масамен күрес бағытында жұмыс істейтін мердігер компанияны үш жыл мерзіміне анықтау ;
5. Масамен күрес жұмыстарына бөлінетін қаржыны есептеу барысында аталмыш салаға қатысты ихтиолог, биолог, энтомолог, микробиологтармен бірлескен жұмыстар жүргізу;
6. Павлодар облысының масамен күрес іс-тәжірибесін басшылыққа ала отырып, масаны зерттеу жұмыстарына да қаржы бөлу;
7. Қала ішіндегі және қалаға қарасты округтердегі каналдарды, ескі шағын аудандардағы көпқабатты тұрғын үйлердің төменгі жертөлелеріне (подвал) екі айда бір улау жұмыстарын жүргізу;
8. Жайық жағасын тұрақты түрде улау және каналдардың жағасында, ішінде тазарту жұмыстарын жүргізу;
9. Арнайы лабораториялық зерттеулерге қаржы бөлу;
10. Атырау облысының жері батпақты, тұзды сор болып келуіне байланысты жаңбырдан соң жиналып қалған шалшық сулар күннің ыстығында да тез сіңіп кете қоймайды. Мұндай шалшықты жерлерге масалар жұмыртқаларын салып, күннің ыстығынан күрт өседі. Сондықтан қала көшелеріндегі жаңбырдан соң жиналып қалған кішігірім шалшықтарды тез арада кептіру немесе көзін жою;
11. Көпқабатты үйлердегі ПИК жұмыстарын бақылау, соның ішінде жертөлеге су толған жағдайда уақтылы тазартылуын қадағалау;

12. Өңірде белсенді әрекет етіп жүрген Қоғамдық ұйымдар, Азаматтық белсенділер қатысуымен «Халықтық азаматтық бақылау» жұмыстарын ұйымдастыру;
13. Қамысты аймақтарға мықты дезинфекциялық барьерлер қою;
14. Жоғарғы, арнаулы орта, кәсіби білім беру ұйымдарында облыс әкімшілігі тарапынан берілетін гранттар тізіміне «энтомолог», «ихтиолог», «биолог», «микробиолог» мамандықтарына грант бөлуді енгізу;
15. Атырау қаласында болашақта салынатын ғимараттардың эскиздерінде үлкен жертөлелердің болмауын қадағалау.

## 6. Қосымша

Мемлекеттік органдарға жолданған сұраныстар мен олардан алынған жауаптардың скан көшірмелері

«Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы,  
жолаушылар келігі және автомобиль жолдары» ММ директорының м.а.  
**Ұ.П.Тусаевқа**  
Атырау қаласының тұрғыны  
**А.Досқалиевадан**  
ЖСН 900 621 400 368  
Атырау қ., Западний көшесі, 3  
Ұялы телефон: 8 775 454 04 90

**Құрметті Ұзақ Петрұлы!**

Мен, Досқалиева Әйгерім Жәрдемқызы, «Zertteu Research Insitute» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Open Budget Fellowship» жобасына Атырау өңірінен қатысудамын. Аталмыш жобада «Атырау облысында масамен күреске бөлінетін қаржының тиімді жұмсалуды» тақырыбын зерттеудемін. Жобаның маңыздылығын ескере отырып, тақырыпты зерттеу барысында нақты ақпараттардың қажеттілігіне орай, «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңына сәйкес, Сізден төмендегідей сұрақтарға жауап беруіңізді өтінемін:

1. Атырау қаласы бойынша 2017, 2018, 2019 жылдары масамен күреске қанша қаржы бөлінді?
2. 2017, 2018, 2019 жылдары масамен күресу жұмыстары бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсын ұтып алған мердігер туралы мәліметтер және олардың ұтып алған сомасы?
3. Жұмыстарды қабылдау актісі бойынша 2017, 2018 жылдары қанша га аумақ уланды? Улау мерзімі қай уақытта басталып, қай уақытта аяқталды?

**Досқалиева А.Ж.**  
**16.05.2019 ж.**

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ  
АТЫРАУ ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІГІ

«ҚАЛАЛЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ-  
КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ,  
ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ  
АВТОКӨЛІК ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІ»  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



АТЫРАУСКИН ГОРОДСКОИ  
АКИМАТ АТЫРАУСКОИ ОБЛАСТИ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ГОРОДСКОИ ОТДЕЛ ЖИЛИЩНО-  
КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА,  
ПАССАЖИРСКОГО ТРАНСПОРТА И  
АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ»

060005, Атырау қаласы, Ақаттық дағасы 101-А,  
Тел.: 25-44-51, факс: 25-44-59  
[zbbk@atyrau.gov.kz](mailto:zbbk@atyrau.gov.kz)

060005, город Атырау, проспект Ақаттық 101-А,  
Тел.: 25-44-51, факс: 25-44-59  
[zbbk@atyrau.gov.kz](mailto:zbbk@atyrau.gov.kz)

20\_\_ ЖЫЛҒЫ «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

Атырау қаласы,  
Западный көшесі,  
№3 үйдің тұрғыны  
А.Досқалиеваға

Сіздің 2019 жылғы 16 мамырдағы  
№ЖТ-Д-348 арызыңызға

«Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» (бұдан әрі - Бөлім) мемлекеттік мекемесі, Сіздің «Атырау облысында масамен күреске бөлінетін қаржының тиімді жұмсалуды» атты тақырыбында зерттеу жұмыстарына ақпарат алу мақсатында жазған өтінішіңізге қосымша жалғанған кестеге сәйкес мәлімет жолдайды.

Осы берілген жауаппен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 14 бабының 6 тармағына сәйкес лауазымды тұлғалардың іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) немесе өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқығыңыз бар екендігін қаперіңізге береді.

Жалғанды: 1 парақ.

Бөлім басшысының  
міндетін атқарушы

Ұ.Тусаев

Орын: Қ.Камаладенов (Б.Жансаттаев)  
тел: 25 43 56  
[k.kamaladenov@atyrau.gov.kz](mailto:k.kamaladenov@atyrau.gov.kz)



Жыл	Лот саны	Мердігер мекеменің атауы, мекен-жайы	Қаражат соммасы
2017	14 лот	«Биоген Инженеринг Лимитед» ЖШС, Директор: Қуатов Асылбек Бағитжанович, Атырау қ., Азаттық өткелі, №42 үй. Тел. 87122505610	129994764,78 тенге
2018	2 лот	«Горизонт С» ЖШС, Директор: Убдиянов Мұхтар Сансызбаевич, Атырау қ., Жарбосынов көшесі, №89А үй. Тел. 87015887920	14885999,99 тенге
2018	12 лот	«AG Disinfection Services» ЖШС, Директор: Оразова Айжан Нұрлыбекқызы, Атырау қаласы, Авангард 3 ықшам ауданы, №37-23 үй. Тел. 87122505610	115108764,79 тенге
2019	14 лот	«AG Disinfection Services» ЖШС, Директор: Оразова Айжан Нұрлыбекқызы, Атырау қаласы, Авангард 3 ықшам ауданы, №37-23 үй. Тел. 87122505610	129994764,78 тенге

Атырау қалалық тұрғын үй  
инспекциясы бөлімінің басшысы  
Қ.Хабиевке  
Атырау қаласының тұрғыны  
А.Досқалиевадан  
ЖСН 900 621 400 368  
Атырау қ., Западний көшесі, 3  
Ұялы телефон: 8 775 454 04 90

**Құрметті Қайрат Тауфиқұлы!**

Мен, Досқалиева Әйгерім Жәрдемқызы, «Zertteu Research Insitute» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Open Budget Fellowship» жобасына Атырау өңірінен қатысудамын. Аталмыш жобада «Атырау облысында масамен күреске бөлінетін қаржының тиімді жұмсалуды» тақырыбын зерттеудемін. Жобаның маңыздылығын ескере отырып, тақырыпты зерттеу барысында нақты ақпараттың қажеттілігіне орай, 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V ҚР «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңына сәйкес, Сізден төмендегідей сұрақтарға жауап беруіңізді өтінемін:

1. Пәтер иелерінің кооперативінің негізгі міндеті не және олардың жұмысы қандай заңдардың аясында қаралады?
2. Атырауда пәтер иелерінің кооперативінің қызметіне жатпайтын үйлердің (безхозные дома) статистикасы туралы білгім келеді. Нақты көрсеткіш қандай?
3. Егер тұрғын үйдің жертелесін (подвал) су басқан жағдайда оған кім жауапты, яғни жертелені тазалау жұмыстарын кім орындау керек?
4. Пәтер иелерінің кооперативі тұрғын үйді тазаламаған жағдайда тұрғындардың сотқа жүгінуге құқығы бар ма? Егер жөндеу жұмыстары дұрыс жүргізілмесе кімге шағымдана алады? Арыз-шағым, талапқа жауап бермесе, қайда жүгінуге керек?
5. Тұрғындардан сіздерге қай мәселелер бойынша арыз-шағым көп түседі?

Досқалиева А.Ж.

20.08.2019 ж.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ  
АТЫРАУ ҚАЛАЛЫҚ  
ӘКІМДІГІ



АТЫРАУСКИЙ ГОРОДСКОЙ  
АКИМАТ  
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

«АТЫРАУ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫН ҮЙ  
ИНСПЕКЦИЯСЫ БӨЛІМІ»  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ОТДЕЛ ЖИЛИЩНОЙ ИНСПЕКЦИИ  
ГОРОДА АТЫРАУ»

060005, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 101-а  
Тел./факс: 8 (7122) 25-42-29, тел.: 30-83-84  
zhil.inspek-2012@ atyrau.gov.kz

060005, город Атырау, пр. Азаттык, 101-а  
Тел./факс: 8 (7122) 25-42-29, тел.: 30-83-84  
zhil.inspek-2012@ atyrau.gov.kz

№ 85-24-02-24/260  
22.08.2019

Атырау қаласы,  
Западный көшесі № 3 үй  
тұрғыны А.Ж.Доскалиеваға

Сіздің 2019 жылғы 21 тамыздағы  
№ЖТ-Д-19 өтінішіңіз бойынша

«Атырау қаласы тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі  
Сіздің жіберілген сұрақтарыңыз бойынша жауап жолдайды.

**1. Ағымдағы жөндеу жұмыстарына қызмет көрсету:**

Түйістерін бітеулеу, ойымдарды және қабырғадағы жарылуларды бүтіндеу (өтінімдер бойынша), шатырлардан ағуды жою жөніндегі жұмыстардың барлық түрлері (толық ауыстырудан басқа), барлық үй-жайларда сылау-сырлау жұмыстарының барлық түрлері (бес жылда бір рет), сүйеніштерді жөндеу, сынған әйнектерді ауыстыру және кіреберіс есіктерді жөндеу.

**2. Жылыту жүйелеріне қызмет көрсету:**

Жылыту жүйелерін жөндеу және пайдалану, жылыту жүйелерін қосу және ағыту (күз, көктем, апатты, режимдік), жылыту жүйелерін маусымдық өшіру (көктемде), маусымдық ажырату кезеңінде жылыту жүйелерінің жағдайын тексеру, іске қосу және режимдерді өзгерту кезінде жылыту жүйелерін реттеу, жылыту жүйелерінде болмашы ақаулықтарды жою (артта қалған жылу оқшау учаскелерін, жабын қабатын бекіту, ағуды жою, лайұстарды, бекітпе және реттегіш арматураны қақтан және тұз шөгінділерінен тазалау, былқылдақ магистральдық құбырларының астындағы тіректерді бекіту), құбыр желісіндегі жылылықты оқшаулау, жылыту жүйелерін гидравликалық шаю.

**3. Сумен жабдықтау түйіндеріне қызмет көрсету:**

Жеке жылу пунктін айына 2 рет қысым температурасын, ығысу коэффициентін өлшеп тексеру, жылыту кезеңі басталып және аяқталған кезінде ыстық сумен қамту режиміне ауыстыру, ілмекті және реттеуші арматураның салмаларын ауыстыру, суық және ыстық сумен жабдықтау құбырларының жекелеген учаскелерін 1 метрге дейін ауыстыру, лайұстарды, бекітпе және реттегіш арматураны қақтан және тұз шөгінділерінен тазалау, дросселдік органдарды ауыстыру (шүмектер, стақандар, шайбалар) және қажет болған жағдайда оларды тұзету, ағуды жою, қозғалған тіректерді бекіту.

**4. Санитарлық-техникалық түйіндерге қызмет көрсету:**

Жертөледегі көрізді тазалау, бұрандалы байланыстардағы ағуды тоқтату, шыраға тығыздамаларды толтыру, әр түрлі саңылауларды бітеу, жер асты бөлмелерінен суды ағызу, бөгеттердегі саңылауларды қоса алғанда суық, ыстық сумен қамту тікқұбырының учаскелерін ауыстыру, жер асты бөлмелерін және басқа ортақ пайдалану орындарын дератизациялау, дезинфекциялау, дәрілеу қызметтерін шақыру және төлеу.

#### **5. Электр-техникалық қамтуға қызмет көрсету:**

Басты тарату қалқандарында күйіп кеткен сақтандырғышты ауыстыру, кіреберістерді жарықпен қамтамасыз ету, бірінші қабаттағы және кіреберістегі электр шамдарын ауыстыру, апаттық-диспетчерлік қызметті шақыру және қызметтерін төлеу (шарттар және өтінімдер бойынша), бас тарату қалқанындағы және қабаттық қалқандағы ноль фазалы жанып кеткен сымдарды қалпына келтіру, кезекші жарықты күшейту, кезекті жарықтың ажыратқыштарын ауыстыру.

#### **6. Үй маңындағы аумақты тазалау:**

Тұрғын үйден жаңбыр суларын бұруды, су бұру құрылғыларының дұрыс жағдайын қамтамасыз ету, қарды шығару, жүргінші жолдарындағы мұзды жою, қысқы маусымда жаяу жүргінші жолдарына құм дайындау мен төсеу, қоқыс шығаруды шақыру және төлеу, көгалды тазалау, оны шабу, шатырды қоқыстан, ластанудан және жапырақтардан тазалау.

#### **7. Әкімшілік міндеттері:**

Пәтер иелерінің жиналыстары, жазбаша сауалнамалар алуды ұйымдастыру, соның ішінде қызмет көрсету сапасы бойынша өтініштер мен шағымдарды қарау, ҚР тұрғын үй заңнамасына сәйкес кондоминиум нысанының мазмұны және басқаруға байланысты техникалық құжаттамалар, сондай-ақ бухгалтерлік, қаржылық, салықтық және статистикалық есепке алу мен есептілік құжаттамаларын жүргізу, тұрғындардың үй коммуникацияларының кем дегенде бірін пайдалануға кедергі жасайтын техникалық жұмыстар өткізу туралы хабардар ету, кондоминиум объектісіне ағымдық және жинақтау шоттарын ашу; жасалған шарттарға сәйкес сервистік қызметтің субъектілері, мердігерлердің жұмыстары мен қызметтерін қаржыландыру, пәтер иелерін, сондай-ақ жалға берушілерді тіркеу.

Кондоминиум объектілерін басқарушы органдар Қазақстан Республикасы «Тұрғын үй қатынастары» Заңына сәйкес жұмыс жасайды.

2. Атырау қаласы бойынша иесіз үйлердің тізімін қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінен ала аласыз.

3. Көп қабатты тұрғын үйлердің жертөлесіне және оны тазалау жұмыстары «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 2 баптың 24 тармағында көрсетілгендей ортақ мүлік - дара (бөлек) меншіктегі үй-жайлардан басқа, кондоминиум объектісінің бөліктері болып табылады (абаттандыру элементтерін және ортақ пайдаланылатын басқа да мүліктерді қоса алғанда, кіреберістер, баспалдақтар, лифтілер, төбелер, шатырлар, жертөлелер, пәтерден тыс не үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар, абоненттік почта жәшіктері, жер учаскесі).

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 31 бабында көрсетілгендей үй-жайлардың (пәтерлердің) екі және одан да көп меншік иелеріне тиесілі тұрғын үйлерде кондоминиум құрылады. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелеріне ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі. Сондай-ақ, жоғарыда аталған Заңның 35 бабының 1 және 2 тармағына үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген міндеттерді атқарады, үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері ортақ мүліктің және дара (бөлек) меншіктегі үй-жайлардың сақталуына және қауіпсіз пайдаланылуына жәрдемдесуге міндетті делінген.

4. Пәтер иелерінің кооперативі тұрғын үйді таза ұстамаған және т.б жағдайда жаныңызда тұрғындардың қолы қойылған жазбаша арыз-шағымы болғаны жөн. Ең алдымен ПИК жұмысы жөніндегі шағымдардың бәрін екі дана етіп ПИК төрағасының атына жолдау керек. ПИК-ке келіп түске арыз не шағымды міндетті түрде хатшы тіркеп отырады. Жазбаша түрдегі шағымға бастамашыл топтың мүшелері (оншақты тұрғын) қол қойса жеткілікті. Сонда ғана ПИК арыздарыңызға жауап бермейтінін дәлелдей аласыз. ПИК төрағасы шағымды елемей, жауап бермей жатса, тұрғындар сотқа оның тұрғындар шағымына қатысты әрекет істемей отырғанын айтып сотқа, прокуратураға, әкімдік жанындағы тұрғын үй инспекциясына жүгінуге болады.

Ал, «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі» бағдарламасы аясында жөнделген тұрғын үйлерді тұрғындар екі жыл мерзім ішінде жөндеу жұмыстарының сапасы жөніндегі шағымдарын мердігерге жазбаша түрде, фотосуретін қосып жолдауына болады. Мердігер ақауды түзеуден бас тартқан жағдайда (тек, міндетті түрде жазбаша), сотқа жүгінуге болады. Мердігерлер шағымға жауап береді, өйткені ол сотта өздеріне қарсы қолданылуы мүмкін. Мердігер ұйымнан бөлек, дәл сол шағымды жергілікті атқарушы орган — әкімдікке де жазу керек, өйткені бұл мемлекеттік бағдарлама және жөндеу жұмыстарына бөлінген ақшаның бәрі ерекше қадағаланады. Әкімдік міндетті түрде шара қолданады. Осы құжаттардың бәрін жинап, сотқа жүгінуге болады.

5. Тұрғындардан көбіне өздері тұратын тұрғын үйлерді күтіп-ұстау жөнінде, соның ішінде кіреберістерді, дәліздерді таза ұстау, тұрғындар төлейтін қаржының қалай жұмсалатындығы, үйдің қасбеттерін, шатырларын жөндеп беру туралы арыз-шағым көптеп түседі.

Бөлім басшысы



К.Хабиев

Орын: Д.Кенжегулова  
Тел: 25-22-29  
[d.kenzhegulova@atyr.aq.gov.kz](mailto:d.kenzhegulova@atyr.aq.gov.kz)

«Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы,  
жол аушылар келігі және автокөлік жолдары бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің басшысы Қ.Ж.Қасымовқа  
Атырау қаласының тұрғыны  
А.Досқалиевадан  
ЖСН 900 621 400 368  
Атырау қ., Западний көшесі, 3  
Ұялы телефон: 8 775 454 04 90  
a.zhardemkyzy@gmail.com

### Құрметті Қуандық Жақсылықұлы!

Мен, Досқалиева Әйгерім Жәрдемқызы, «Zertteu Research Insitute» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Open Budget Fellowship» жобасына Атырау өңірінен қатысудамын. Аталмыш жобала «Атырау облысында масамен күреске бөлінетін қаржының тиімді жұмсалуды» тақырыбын зерттеудемін. Жобаның маңыздылығын ескере отырып, тақырыпты зерттеу барысында нақты ақпараттың қажеттілігіне орай, 2015 жылғы 16 қарашалағы № 401-V ҚР «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңына сәйкес, Сізден төмендегідей сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймын:

1. «AG Disinfection Services» ЖШС компаниясы масамен күрес жұмыстары үшін мемлекеттік сатып алу конкурсынан 130 млн теңге ұтып алғанын білеміз. Бұл қаражат қандай құқықтық-нормативтік актілерге немесе стандарттарға сүйене отырып жоспарланды? 1м2 неше теңге жерді улауға қанша қаражат жұмсалды?
2. Биылғы жылы қала аумағын улау жұмыстарына 40 200 га белгіленген. Аталған жұмыстар қандай санаттағы жерлермен объектілер болып бөлінеді және 40 200 га қандай негіздерге сүйене отырып белгіленді?
3. Атырауда пәтер иелерінің кооперативінің қызметіне жатпайтын үйлердің (безхозные дома) статистикасы туралы білгім келеді. Нақты көрсеткіш қандай?
4. Қала аумағына қарасты қанша ағынды су арықтары (каналдар) бар және оған кім жауапты, тазарту жұмыстары қалай жүргізіледі?
5. Қала аумағына қарасты ағынды су арықтары (каналдар) бойындағы масалар қалай уланады?
6. Улау жұмыстары қалай жүргізіледі? Қандай құралдармен? Улау мерзімдері қай уақытта басталып, қай уақытта аяқталады?

Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 20 бабында лауазымды тұлғаның (ақпарат иесі) жауапкершілігі белгіленген, яғни осы заңнаманы бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғатынын есіңізге саламыз. Ақпаратқа қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу, соттан тыс және сот тәртібімен шағым жасауға әкелуі мүмкін. Ақпарат беруден бас тартқан жағдайда, сіздің әрекетіңізге шағым түсіру барысында қажет болатын жазбаша түрде дәлелді жауап беруіңізді сұраймын.

Досқалиева А.Ж.

12.09.2019 ж.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ  
АТЫРАУ ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІГІ

«ҚАЛАЛЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ-  
КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ,  
ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ  
АВТОКӨЛІК ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІ»  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



АТЫРАУСКИН ГОРОДСКОН  
АКІМАТ АТЫРАУСКОН ОБЛАСТІН

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ГОРОДСКОН ОТДЕЛ ЖІЛІЩНО-  
КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА,  
ПАССАЖІРСКОГО ТРАНСПОРТА И  
АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ»

060005, Атырау қаласы, Ауттық дәнеккі 101-А,  
Тел.: 25-44-51, факс: 25-44-59  
zbb@atyrau.gov.kz

060005, город Атырау, проспект Ауттық 101-А,  
Тел.: 25-44-51, факс: 25-44-59  
zbb@atyrau.gov.kz

20 \_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

Атырау қаласы  
Западный көшесі, 3  
А. Досқалпеваға  
(Электрондық үкімет порталы)

Сіздің 2019 жылғы 12 қыркүйектегі  
электрондық үкімет порталы арқылы  
түскен №ЖТ-Д-1149 өтінішіңізге

«Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Атырау облысында масамен күреске бөлінетін қаржының тиімді жұмсалуды» тақырыбындағы аталмыш жобаңызда сұратқан ақпаратыңызға төмендегідей жауап береді.

- Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес жоспарланады.  
1м<sup>2</sup> аумақты улау үшін 0,87 теңге ҚҚС-сыз.  
1м<sup>2</sup> су айдындарын улау үшін 0,27 теңге ҚҚС-сыз.  
1м<sup>2</sup> тұрғын үйлерді улау үшін 1,46 теңге ҚҚС-сыз.
- Каспий теңізінің жағалауы (масаның көп пайда болатын жерлері) - 300га, (жылына 2 рет уланады).
  - Атырау қаласының су айдындары, каналдар және т.б (масаның дернәсілдерінің (личинкасының) пайда болатын жерлері)-2 171га, (жылына 2 рет уланады).
  - Тұрғын үйлердің жертөлелері мен кіреберістері-120018 га, (жылына 8 рет уланады).
  - Атырау қаласының саябақтары мен алаңдары-17,2 га, (жылына 7 рет уланады).
  - Атырау қаласының аумағы, жасыл желектер-538148 га, (жылына 7 рет уланады).
  - Ақсай селолық округі-50га, (жылына 7 рет уланады).
  - Атырау селолық округі-110га, (жылына 7 рет уланады).
  - Геолог селолық округі-110га, (жылына 7 рет уланады).
  - Дамбы селолық округі-80га, (жылына 7 рет уланады).

Павлодар облысы Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы М.Ж.Әбілқалықовқа  
 Атырау қаласының тұрғыны  
 А.Досқалиевадан  
 ЖСН 900 621 400 368  
 Атырау к., Западний көшесі, 3  
 Ұялы телефон: 8 775 454 04 90  
 a.zhardemkyzy@gmail.com

### Құрметті Мұрат Жұмагелдіұлы!

Мен, Досқалиева Әйгерім Жәрдемқызы, «Zertteu Research Insitute» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Open Budget Fellowship» жобасына Атырау өңірінен қатысудамын. Аталмыш жобада «Масамен күреске бөлінетін қаржының тиімді жұмсатуы» тақырыбын зерттеудемін. Жобаның маңыздылығын ескере отырып, тақырыпты зерттеу барысында нақты ақпараттың қажеттілігіне орай, 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V ҚР «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңына сәйкес, Сізден төмендегідей кесте мен сұрақтарға (мемлекеттік және ресми тілде) жауап беруіңізді сұраймын:

#### Павлодар облысы бойынша соңғы үш жылдықта масамен күрес жұмыстары туралы ақпарат кестесі.

№	Жылдары	Аумақтың көлемі	Бөлінген қаражат сомасы	Жүзеге асыру мерзімі	Жеңімпаз мекеме
	2017				
	2018				
	2019				

1. Масамен күрес жұмыстарына бөлінетін қаржы қандай құқықтық-нормативтік актілерге немесе стандарттарға сәйкес есептеледі? 1 кв.м қанша тенгені құрайды?
2. Масамен күрес жұмыстарын жүргізу бағытындағы аумақтың көлемі қалай жоспарланып есептеледі?
3. Павлодар облысында дезинсекциялық қызметтерді жүргізу бойынша техникалық ерекшелікте көрсетілген жұмыстардың 80%-дан кем емес болуы және көрсетілген мерзімді орындалуы талап етілген. Алайда, бұл жұмыстың нақты орындалғандығы немесе орындалу сапасы немен бақыланады? Қалай дәлелденеді?
4. Масамен улау бағыты бойынша Павлодар облысында ғылыми зерттеу бағытында қаржы бөлінеді. Ал басқа облыстарда бұндай қызмет түрлері қарастырылмайды. Ғылыми зерттеу жүргізудің нәтижесі мен тиімділігі қандай?
5. Улау мерзімдері қай уақытта басталып, қай уақытта аяқталуы тиіс және оның қоршаған ортаға тигізетін зияны қандай?
6. Масамен күрес жұмыстары барысында қандай инсектицидті препараттар қолданылады? (атауы, мөлшері)
7. Не себепті Масамен күрес жұмыстары бойынша көрсетілетін қызметтер мен улау препараттарын сатып алу қызметтері бөлек қызмет болып шығарылған?



- Еркінқала селолық округі-160га, (жылына 7 рет уланады).
- Қайыршақты селолық округі-150га, (жылына 7 рет уланады).
- Кеңөзек селолық округі-200га, (жылына 7 рет уланады).

Бұл аумақтардың көлемі бөліммен арнайы хат жолданып сұраныспен (Қалалық сәулет және қала құрылыс бөлімі, Атырау қалалық МСЭҚБ) алынды.

3. Атырауда пәтер иелері кооперативіне жатпайтын шамамен 200-дей үй бар.
4. Қала аумағына қарасты 7 ашық су қоймалары бар. Олар жылына 2 рет көктемде уланады.
5. Масалардың дернәсілдерін жою үшін 0,01% (ДШ бойынша) жұмыс су эмульсиясын пайдаланады, оны балық шаруашылығы емес маңызы бар ашық су қоймаларының және қалалық су қоймаларының жоғарғы қабатына біркелкі шашады. Шығыс нормасы: су жоғарғы қабатының 1 шаршы метріне 100мл. Қайта өңдеу энтомологиялық көрсеткіштер бойынша –масалардың тірі дернәсілдерінің пайда болуы бойынша жүргізіледі. Өңдеуді айына 1 реттен қайталайды.
6. Аумақты өңдеу арнайы аэрозольды (желдеткіш типті) бүріккіштермен, борттық автокөлік құралдарының базасында автономды бүріккіштермен, трактор базасында аспалы бүріккіштермен жүргізіледі. Жұмыстарды тәуліктің кешкі уақытында жүзеге асырады, сондай-ақ тұрғын үйлердің жертөлелері мен кіреберістерін өңдеу үшін термогенераторлар (ыстық тұман генераторлары) қолданылады. Кезең сәуір айынан-қараша айына дейін жалғасады.

Осы берілген жауаппен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 14 бабының 6 тармағына сәйкес лауазымды тұлғалардың іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) немесе өтініш бойынша қабылданған шешімге өтініш берген жеке тұлғаның шағым жасауға құқығы бар екендігін қаперіңізге береді.

**Бөлім басшысының  
уақытша міндетін атқарушы**

**Қ.Қасымов**

Орын.: К.Камаладенов  
Тел: 25-43-56  
K.Kamaladenov@atyrau.gov.kz

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 11 бабы 12 тармағына сәйкес, мәліметті электронды формада беруінізді сұраймын. «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 10 бабында көрсетілген мерзімге сәйкес, сұратылған ақпаратты төмендегі электронды поштаға жолдауыңызды сұраймын: [a.zhardemkyzy@gmail.com](mailto:a.zhardemkyzy@gmail.com)

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 20 бабында лауазымды тұлғаның (ақпарат иесі) жауапкершілігі белгіленген, яғни осы заңнаманы бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғатынын есіңізге саламыз. Ақпаратқа қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу, соттан тыс және сот тәртібімен шағым жасауға әкелуі мүмкін. Ақпарат беруден бас тартқан жағдайда, сіздің әрекетіңізге шағым түсіру барысында қажет болатын жазбаша түрде дәлелді жауап беруінізді сұраймын.

**Досқалиева А.Ж. 24.09.2019 ж.**

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ  
ӘКІМДІГІ

«ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ  
ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ТҮРҒЫН ҮЙ-  
КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ  
БАСҚАРМАСЫ»  
мемлекеттік мекемесі



АКИМАТ ПAVЛОДАРСКОЙ  
ОБЛАСТИ

Государственное учреждение  
«УПРАВЛЕНИЕ  
ЭНЕРГЕТИКИ И ЖИЛИЩНО-  
КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА  
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ»

140000, Павлодар қаласы, Жетіс аламы 5Б  
тел.: (7182) 73-09-53,  
kense.uekb@pavlodar.gov.kz

140000, г. Павлодар, Площадь Победы 5Б  
тел.: (7182) 73-09-53, ф  
kense.uekb@pavlodar.gov.kz

2019 ж. 07.10 № 17/1-12/ИТ-2-58

Атырау к., Западний көш., 3  
a.zhardemkyzy@gmail.com  
ұялы тел. 8 775 454 04 90  
ЖСН 900621400368  
А.Ж. ДОСКАЛИЕВАҒА

Сіздің Павлодар облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) атына келіп түскен өтінішіңізге хабарлаймын.

**Павлодар облысы бойынша соңғы үш жылда қан сорғыш жәндіктердің санын қысқарту бойынша қызметтер туралы ақпарат**

№	Жыл дар	Аумақ көлемі	Бөлінген қаражат сомасы, млн. теңге*	Іске асыру мерзімі	Жеңімпаз мекеме
1	2017	Ертіс өзені - 1 130,6 км, жер үсті және әуелік өңдеу алаңы - 24 750,0 Га	61,8	Энтомологиялық кезең ішінде шартқа сәйкес	«Фитосанитария» ЖШС
2	2018		45,5		«ВЕТДЕЗ-ПВ» ЖШС
3	2019		43,5		«ВЕТДЕЗ-ПВ» ЖШС

\* Мемлекеттік сатып алулар қорытындылары бойынша шарт сомасы.

**1-тармақ бойынша** ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 152-бабы 2-1-тармағына сәйкес Профилактикалық дезинсекция мен дератизацияны (инфекциялық аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары жүргізеді. Ұсынылған бағалық ұсыныстарға сәйкес 2019 жылға арналған қызметтер құны өзеннің 1 км-

не 14 366,3 теңгені құрайды, әуелік өңдеуге – 1 050,36 теңге, кедергілік өңдеуге – 1 312,95 теңге.

**2-тармақ бойынша** учаскелер, аумақтар, сондай-ақ өңдеу уақыты ғылыми сүйемелдеу тобының энтомологиялық көрсеткіштер мен ұсынымдарына сәйкес анықталады.

**3-тармақ бойынша** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы «Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» № 48 бұйрығына сәйкес халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің болуы, жүргізілген дезинсекциялық жұмыстардың тиімділігі кемінде 80% болуы тиіс.

**4-тармақ бойынша** Басқарма мамандары осы саладағы сарапшылар болып табылмайтындығына байланысты, масалар мен жөкелердің санын азайту бойынша жұмыстардың сапасын бақылауды, сондай-ақ жүргізілген дезинсекциялық өңдеулердің тиімділігін бағалауды ғылыми топ жүзеге асырады.

Бұл ретте ғылыми топтың құрамына: биология ғылымдарының докторы, биология ғылымдарының кандидаты, биология магистрлері, биолог-энтомологтар, дәрігер-эпидемиолог, биологтар кіреді.

**5-тармақ бойынша** дезинсекциялық іс-шаралардың басталуы мен мерзімі энтомологиялық көрсеткіштерге және ғылыми сүйемелдеу тобының ұсынымдарына сәйкес анықталады. Павлодар облысында дезинсекциялық іс-шараларды өткізудің болжамды мерзімі сәуір-тамыз айлары.

**6-тармақ бойынша** Басқарма химиялық инсектицидті құралды (құрамында әрекет етуші зат ретінде бар ашық-сары түсті молдір сұйықтық түріндегі эмульсия концентраты – фосфорорганикалық қосынды хлорпирифос мөлшері кемінде 48%) және биологиялық инсектицидтік құралды (*Bacillus thuringiensis var israelensis* бактериялары негізінде пайдалануға дайын су суспензиясы 30% концентраты түрінде өндірілген, қоршаған орта объектілері үшін экологиялық қауіпсіз) қолданады.

Инсектицидтік құралдар атауы мемлекеттік сатып алулар қорытындылары бойынша анықталады.

**7-тармақ бойынша** пайдаланылатын препараттардың шығынын бақылау және есепке алу мақсатында биологиялық және химиялық инсектицидтік құралдарды сатып алуды мемлекеттік сатып алудың жекелеген конкурстары жүргізеді. Бұл ретте сатып алынған инсектицидтік құралдар жеткізушілерде жауапты сақтауда болады. Сонымен бірге, осы препараттар жөнелтіледі мамандандырылған аккредиттелген зертханалар сәйкестікті растау үшін қойылатын талаптарға сәйкес техникалық құжаттамада көрсетілген.

ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12-бабының негізінде Сіздің қабылданған шешімге шағым жасауға құқығыңыз бар.

Басқарма басшысы

 М. Абулкалыков

«Нұр-сұлтан қаласының активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-нің басшысы  
 Е.К. Өтебаевқа  
 Атырау қаласының тұрғыны  
 А.Досқалиевадан  
 ЖСН 900 621 400 368  
 Атырау қ., Западний көшесі, 3  
 Ұялы телефон: 8 775 454 04 90  
 a.zhardemkyzy@gmail.com

### Құрметті Ерсің Кенжебайұлы!

Мен, Досқалиева Әйгерім Жәрдемқызы, «Zertteu Research Insitute» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Open Budget Fellowship» жобасына Атырау өңірінен қатысудамын. Аталмыш жобада «Масамен күреске бөлінетін қаржының тиімді жұмсалтуы» тақырыбын зерттеудемін. Жобаның маңыздылығын ескере отырып, тақырыпты зерттеу барысында нақты ақпараттың қажеттілігіне орай, 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V ҚР «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңына сәйкес, Сізден төмендегідей кесте мен сұрақтарға (мемлекеттік және ресми тілде) жауап беруіңізді сұраймын:

#### Нұр-сұлтан қаласы бойынша соңғы үш жылдықта масамен күрес жұмыстары туралы ақпарат кестесі.

№	Жылдары	Аумақтың көлемі	Бөлінген қаражат сомасы	Жүзеге асыру мерзімі	Женімпаз мекеме
	2017				
	2018				
	2019				

1. Масамен улау қызметтерін жүргізу үшін инсектицидті препараттар алуға бөлінетін қаржы қандай құқықтық-нормативтік актілерге немесе стандарттарға сәйкес есептеледі? 1 кв.м қанша инсектицидті препарат жұмсалды?
2. Масамен күрес жұмыстарын жүргізу бағытындағы аумақтың көлемі қалай жоспарланып есептеледі?
3. Масамен күрес жұмыстарын жүргізу бағытындағы инсектицидті препараттар қанша га жерді қамтиды?
4. Улау мерзімдері қай уақытта басталып, қай уақытта аяқталуы тиіс және оның қоршаған ортаға тигізер зияны қандай?
5. Масамен күрес жұмыстары барысында қандай инсектицидті препараттар қолданылады? (атауы, мөлшері)
6. Масамен күрес жұмыстары барысында инсектицидті препараттарды сатып алуға қаржы бөлінгенімен, улау жұмыстары бойынша қызмет түріне қаржы не себепті бөлінбейді? (мемлекеттік сатып алу порталында инсектицидті препараттарды сатып алу туралы лот жарияланып, ал қызмет көрсетуіне жарияланбаған)

7. Қазақстанның кейбір аймақтарында масамен күрес жұмыстары бойынша ғылыми зерттеуге қаржы бөлінуде. Ал, Нұр-сұлтан қаласы бойынша бұндай қаражаттар қарастырылмаған. Себебі неде?
8. БАҚ-мен әлеуметтік желілерде өткен жылдармен салыстырғанда, үстіміздегі жылы Нұр-сұлтан қаласында маса көптігі жазылды. Себебі не? (Яғни ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілмей маса түрлеріне байтанысты улау мөлшерлері өз деңгейінде жасалмайтындығы байқалмай ма?)

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 11 бабы 12 тармағына сәйкес, мәліметті электронды формада беруіңізді сұраймын. «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 10 бабында көрсетілген мерзімге сәйкес, сұратылған ақпаратты төмендегі электронды поштаға жолдауыңызды сұраймын: [a.zhardemkyzy@gmail.com](mailto:a.zhardemkyzy@gmail.com)

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның 20 бабында лауазымды тұлғаның (ақпарат иесі) жауапкершілігі белгіленген, яғни осы заңнаманы бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғатынын есіңізге саламыз. Ақпаратқа қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу, соттан тыс және сот тәртібімен шағым жасауға әкелуі мүмкін. Ақпарат беруден бас тартқан жағдайда, сіздің әрекетіңізге шағым түсіру барысында қажет болатын жазбаша түрде дәлелді жауап беруіңізді сұраймын.

Досқалнева А.Ж. 24.09.2019 ж.

## 7. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Атырау энциклопедиясы, 2000
2. Н.Алдабергенов. Батыс Қазақстан облысы масаларымен күрес. Алматы, 2001 ж
3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 28 тамыздағы № ҚР ДСМ-8 бұйрығы "Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы қағидалары
4. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Кодексі.
5. [https://www.google.com/maps/d/u/0/edit?hl=ru&hl=ru&mid=1Osbm-UhdsAL\\_SngtxY7u0aACR7o7W3xu&ll=47.07841241108335%2C51.4843657120216&z=11](https://www.google.com/maps/d/u/0/edit?hl=ru&hl=ru&mid=1Osbm-UhdsAL_SngtxY7u0aACR7o7W3xu&ll=47.07841241108335%2C51.4843657120216&z=11)

**ZERTTEU**  
Research Institute

